


Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

ЕЛ ТІЛЕГІ

№8 (864) Сәрсенбі 21 ақпан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/><http://www.instagram.com/eltilegigazeti><http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 21 ақпан күні Қазан қаласында өтетін «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне қатысу үшін Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен барады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Аталған іс-шараға Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері, сондай-ақ басқа да бірқатар мемлекеттің өкілдері қатысады деп жоспарланып отыр.

ПРЕЗИДЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУДІ ҰСЫНДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев 8.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлер белгілі бір материалдық өтемақы алуы тиіс екенін айтты. Жастар кадрлық резервінің форумында ол мемлекеттік қызметте қазір мықты сала мамандарының тапшылығы сезіліп отырғанын атап өтті.

«Елде бизнес, ауыл шаруашылығы, қаржы, медицина, білім беру және басқа да салаларда табысты адамдар жеткіліксіз. Нақты нәтижеге және тұтынушының қажеттіліктеріне бағытталған осындай кадрлардың әлеуетін пайдалану қажет. Мемлекеттік қызметтің гибридіт моделін енгізуді жалғастыру қажет. Ол үшін мемлекеттік қызметке жеке сектордан білікті кадрларды неғұрлым еркін, аз регламентпен қабылдау мәселелерін егжей-тегжейлі пысықтау қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру үшін жеке сектормен бәсекеге қабілетті жалақы белгілеу қажеттігін атап өтті.

«Менің ойымша, жұмыста жүрген мемлекеттік қызметкерлер, әсіресе 8.00-9.00-ден 20.00- 21.00-ге дейін жұмыс істейтіндер белгілі бір материалдық өтемақы алуы керек, бірақ жалақы мен сыйлықақыларды асып кетпеуі керек. Мәселе өзекті. Біз оны мемлекеттік қызметкерлердің пайдасына шешетін боламыз. Тұрғын үй мәселесі де тиісті түрде шешілуі керек. Осыған байланысты Сингапур мен басқа елдердің тәжірибесіне назар аударған жөн. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі тиімді тәсілдер мен әдістерді қарастыру қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СТУДЕНТТЕР ДЕ ПӘТЕР АЛА АЛАДЫ

Отбасы банк осы жылдың 1 наурызында «Отау» жаңа тұрғын үй бағдарламасы басталатынын мәлімдеді. 30 сәуірге дейін (қоса алғанда) көпшілік «Баспана маркет» (otbasybank.kz) порталында бағдарламаға қатысу туралы өтініш жолдай алады. Өтінішті кез келген уақытта беруге болады.

«Отау» бағдарламасына кімдер қатыса алады?

- Отбасы банк салымшылары («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы), оның ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар қатыса алады;
- Үміткердің жинақ шоты ең кемі 18 айлық болуы керек;
- Өтінім беру сәтінде депозиттегі жинақ сомасы 1 млн теңгеден кем болмауға тиіс;
- Қатысушы жасы 18-ден 63 жасқа дейін (қоса алғанда);
- Бағдарламаға қатысушы және оның отбасы мүшелерінде сонғы 5 жыл ішінде жылжымайтын мүлік болмауы керек;
- Алматы және Астана қалаларынан тұрғын үй алатын жағдайда аталған қалаларда тұрақты тіркеу болуы қажет.

112 МЫҢ ДОЛЛАРЛЫҚ КӨЛІК

Қытайлықтар шығарған жаңа көлік үлгісі ET9 седаны қар мен мұзды өздігінен «сілкіп тастауға» қабілетті. Бұл қызықты нұсқа дүрілдейтін шасси функциясының арқасында мүмкін болды. Оның көмегімен автомобиль бір жағынан тербелмелі қозғалыстар жасайды. Өз өзін сілкілеген кезде көлік үстіндегі қар мен мұз түсіп қалады. Электромобиль бес минуттан аспайтын уақытта зарядталатын жеңіл электр қозғалқыштарымен жабдықталған, көліктің қуат қоры 255 шақырымға жетеді.

«АМАНАТ»: КЕЗЕКТЕН ТЫС XXXII КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

«АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының Саяси кеңесі мен Саяси кеңес Бюросы мүшелері, партияның аумақтық филиалдарының Төрағалары мен Атқарушы хатшылары, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері мен белсенділері, мәслихаттардағы Фракциялар жетекшілері мен мүшелері және «Жастар Рухы» Жастар қанаты мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің қатысуымен партияның облыстық филиалының кезектен тыс XXXII конференциясы өтті.

Алқалы жиында Қызылорда облыстық мәслихатының №15 бірмандаттық сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат ұсыну және партияның облыстық филиалының Саяси кеңесі құрамына өзгерістер енгізу мәселелері қаралды.

Ағымдағы жылдың 30 қаңтар күнгі облыстық мәслихаттың №76 шешіміне сәйкес облыстық мәслихат депутаты Аманжол Сақыпұлы Онғарбаев Арал ауданы әкімінің лауазымына тағайындалуына байланысты оның депутаттық

өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған болатын. Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-ші, 103-ші баптарына сәйкес, «АМАНАТ» партиясы» қоғамдық бірлестігінен Қызылорда облыстық мәслихатының №15 бірмандаттық сайлау округі бойынша депутаттық бос орынға кандидат ұсынылуы керек. Конференция барысында Партияның Қызылорда облыстық филиалы Саяси кеңесі Бю-

росының келісімімен, «АМАНАТ» партиясы» қоғамдық бірлестігінен Қызылорда облыстық мәслихатының №15 бірмандаттық сайлау округі бойынша депутаттыққа Мұсаева Гүлшат Исақызының кандидатурасы ұсынылып, делегаттар тарапынан бір ауыздан қолдау тапты.

Қызылорда қалалық мәслихатының VII-ші шақырылымының депутаты болған, ал 2023 жылдың наурыз айында ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауына белсене қатысып, облыстық мәслихаттың партиялық резерв тізіміне енгізілген болатын.

Мұнан соң «АМАНАТ» партиясының Қызылорда облыстық филиалының Саяси кеңес құрамына өзгерістер енгізіліп, Саяси кеңесінің құрамына «Қызылорда сушар» өндірістік учаскесінің бастығы, облыстық мәслихаттағы депутаттық фракцияның жетекшісі, облыстық партия филиалы жанындағы

Экология жөніндегі кеңестің төрағасы Жорабек Ибрагимұлы Нұрымбетов сайланды.

Жиын барысында партияның облыстық филиалының төрағасы Наурызбай Байқадамов сөз алып, Саяси кеңес құрамына сайланған партия белсендісін конференция делегаттарының атынан құттықтап, бүгінгі күнге дейін облыстық филиалдың Саяси кеңесі құрамында аймағымыздың дамуы жолында қызмет атқарып келген Аманжол Сақыпұлы Онғарбаевқа партия филиалы мен конференция делегаттары атынан алғыс білдірді.

Конференцияға өкілеттілік нормасына сәйкес 152 делегат сайланған болатын. Өңірде ин-фракциялық аурулардың таралуының алдын алу мақсатында конференция шақыру жөніндегі Саяси кеңесі Бюросы шешіміне сәйкес аудандардан 92 делегат конференцияға онлайн форматта қатысты.

ҚАЗАҚСТАН ТУРИСТЕР ҮШІН ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ

Қазақстан кейінгі жылдары шетелдік туристер үшін тренд бағытқа айналды. Мұны еліміздің туризм туралы әлемнің ірі басшыларында жарық көріп жатқан ақпараттардан да байқауға болады. Жуырда америкалық әйгілі Travel+Leisure журналының Оңтүстік-Шығыс Азиядағы бөлімшесі Қазақстан туризмі туралы шетелдік саяхатшыларға арналған нұсқаулық жариялады.

Журналист Яшита Вашишт Қазақстанның бірегей көрікті жерлерін аралай отырып, шетелдік туристерге қажет болатын нұсқаулық жинақтады. «Не істеу керек, қайда тұру керек және қандай тағамдар бар» Қазақстан бойынша ең үздік маршрут» деп аталатын репортажда көптеген қызықты мәлімет жарияланған. Тіпті, аталған мақаланың мазмұны ел тұрғындарының да қызығушылығын тудырды.

Автор Қазақстанға келу үшін саяхатшыларға сәуірден мамырға дейін немесе қыркүйектен қазанға дейінгі кезеңді таңдауды ұсынады. Яшита Вашишттің пікірі бойынша, аталған кезеңдерде сіз тау пейзаждарының панорамасынан және таңғажайып дала кеңістігінен ләззат ала аласыз.

Travel+Leisure журналы Астана, Шымкент қаласы, Түркістан облысы, Алматы қаласы мен оның айналасындағы көрікті жерлерге барып, Қазақстан бойынша жеті күндік саяхат жасады.

Сонымен қатар журнал өкілі Қазақстанға келгеннен кейін виза қолжетімділігі, ағылшын тіліне аудармасы бар қазақ тіліндегі сөз тіркестері, қонақ үйлер мен ұлттық тағамдарды таңдауда пайдалы ақпаратты жинады.

Travel + Leisure – Нью-Йоркте орналасқан саяхат журналы. Басылым жылына 12 рет шығады, деректер бойынша журналдың оқырман саны – 4,8 миллион. Саяхат туралы басылымда туристік сапарларға маманданған және көбіне саяхатшы емес жазушылар, акындар, суретшілер, дизайнерлер мен журналистердің мақалалары жарияланады.

Сонымен қатар журнал модельдердің саяхаттағы және беделді жағдайда демалып жатқан фотосуреттерін жариялаған мұқабаларымен танымал. Travel+Leisure бүкіл әлем бойынша 16 миллион саяхатшылар қауымдастығын біріктіреді және штатта 100-ден астам саяхат туралы жазатын журналистері мен фотографтары бар.

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР 255 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН АССА...

Мобильді аударымдар 255 мың теңгеден асса, салықтық тексеріс жүргізілуі мүмкін.

Қаржы министрлігі тиісті ұсынысты ведомствода қарастырып жатыр. Бір жеке тұлғаның жалпы сомасы 3 ЕТЖ-ден асып, яғни 255 мың теңгеден асып келсе үй ішінде ай сайын 100 және одан да көп түрлі тұлғалардан банк шотына ақша қаражатын алуы тәуекел өлшемшарты болуы мүмкін.



МЕКТЕПТЕРДЕ САБАҚ УАҚЫТЫ АУЫСУЫ МҮМКІН

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев ведомство бірінші уақыт белдеуі өзгерген соң жергілікті әкімдіктер сабақтың басталу уақытын қайта қарауға мүмкіндік беретінін айтты.

Министр бірінші уақыт белдеуіне көшу туралы шешімді тиісті сарапшылар, ғалымдар зерттеп барып қабылдағанын атап өтті. Оның айтуынша, министрлік бірінші ауысмын оқушыларына сабақтың басталу уақытын қайта қарауға мүмкіндік береді.

«Оқу уақыты бойынша, әрине, жергілікті атқарушы органдарға қажет болған жағдайда сабақтың басталу уақытын қайта қарауға мүмкіндік береміз. Бұған еш кедергі жоқ. Мысалы, таңертеңгі сағат 08:00-де оқуды бастайтын мектептер 08:30-да бастауы мүмкін. Әрине, өзгерту мүмкіндіктер бар», – деді Ғани Бейсембаев.

Еске сала кетейік, қараша айында мәжіліс депутаты Еркін Әбіл премьер-министрге ерекше сауал жолдаған еді. Ол үкіметтен Қазақстандағы уақыт белдеуі мәселесін шешуді сұрады. Себебі шығысқазақстандықтар жаңа бірінші уақыт белдеуіне ауысқысы келмейтінін айтқан. Тұрғындардың наразылығына қарамастан, қаңтар айында Қазақстанда бірінші уақыт белдеуі орнатылатыны белгілі болды. 2024 жылғы 1 наурызда сағат 00:00-ден бастап елдің бүкіл аумағында бірінші уақыт белдеуі орнатылады. Осылайша Қазақстанның бүкіл аумағына 5-уақыт белдеуі (UTC+5) қолданылады.



Бір кем дүние

Жасаған қателік

Үлкен ақсақалдан біреу сұрапты:

-Ақсақал, бұрындары жасап әлі де өкінетін қатеңіз болды ма?
-Иә, деді ақсақал, - кезінде үлкен қате жасаған едім, ол жүрегімді отыз жылдан астам күйдіріп келеді. Ол қатемді есіме алған сайын өзіме жер таппай қаламын.

Бәрі аң-таң:

-Қандай қате еді ол? Соншалықты не жасаған едіңіз?

-Отыз жыл бұрын қаламызда үлкен өрт шыққан. Жанған базардың ішінде менің де кішкентай дүкенім болатын. Ол кезде мен қала сыртында едім. Елдерден барлық көршілерімнің дүкен жері жаңып, тек менің ғана дүкенім аман қалғанын естідім. Қуанып «шүкірлер болсын!» деп, құдайға шүкір еттім. Бірақ бірден жәбірленген басқа мұсылман бауырларымызды ұмытып, жеке басымның қамын ойлағаным үшін уялдым. Дереве тәубе келтіріп, өкінгенімнің белгісі ретінде дүкенімдегі барлық заттарды кедейлерге тараттым. Алайда уақыт өткеннен, сол кездегі бір мезеттік өзімшілдік жүрегімде дақ болып қала берді, сол күнәнің өрті жүрегімде әлі де жаңып тұр, - деді.

ТЕСТІЛЕУГЕ 134 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ ҚАТЫСТЫ

Наурыз айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау 27 ақпанда басталып, 10 наурызға дейін жалғасалы. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайтында немесе UTO қосымшасы арқылы жүргізіледі. Тестілеудің өзі 1-31 наурыз аралығында өтеді.

Наурыздағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданған, өткен жылғы мектеп және колледж түлектері, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады. Қатысушылар тестілеу өткізілетін орында, күнді және



уақыты өздері тандайды.

ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалды, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. Алайда «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарды. Ал бейіндік пәндердің сұрақтар саны артып, 40 тест тапсырмасынан тұрады. Атап өтсек, бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылды. Осылайша,

ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз қалады, жалпы 120 сұрақ. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма.

Жоғары балл – 140, ол да өзгеріссіз қалды. Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталатынын айта кету керек.

Естеріңізге сала кетсек, 10 ақпанда қаңтар ҰБТ-сы аяқталды. Ол тестілеуге 134 мыңға жуық адам қатысты. Оның ішінде талапкерлердің 76,4%-ы қазақ тілінде, 23,5% – ы орыс тілінде, 83 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтті. ҰБТ басталғалы шекті балды 77,5% – ға жуық талапкер жинады. Орташа балға келетін болсақ, ол 69 бал болды. Ең жоғары балл – 137. Жалпы, 72 талапкер 130-дан жоғары бал жинады.

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында, су тасқыны бойынша ахуал да талқыланды.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің баындауында, бүгінде республикада жағдай тұрақты. Ведомство жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп су тасқынына дайындық бойынша қажетті іс-шаралар кешенін өткізді. Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев берілген тапсырмаларға қатысты арнайы мәжіліс өткізді.

«Биылғы 20 ақпандағы жағдай бойынша облыс аумағына секундына 200 текше метр су түседі. Аралдан бастап Қызылорда қаласы аумағына дейін өзен арнасында мұз толтықтай ұстасқан. Мұздың шеті Шиели ауданының «Керкелмес» су бекеті тұсында. Жанакорған ауданында өзен беті мұздан таза. Мұздың орташа қалыңдығы 10-28 см. «Қазидромет» Қызылорда филиалының мәліметіне қарағанда, айдың үшінші онкүндігінде ауа температурасы 5 градустан 10 градусқа дейін, онтүстік пен шығыста 17 градуска дейін жоғарылауы мүмкін. Ауа райы жылынысымен өзен арнасында мұз қозғалысы басталды. Кез келген уақытта мұз көптепсіз салдарынан су деңгейі көтерілуі ықтимал. Қала, аудан әкімдері мен тиісті мекемелер дайындық шараларын күшейту керек», – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, өткен аптада Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Сайраұлының облысқа арнайы іс сапары



кезінде Сырдария өзенінің шаруашылығы жағдайы мен су тасқынының алдын алу дайындығы таныстырылып, негізгі мәселелер талқыланды.

Жынында өңірде су тасқынының алдын алу үшін бекітілген алгоритміне сәйкес шаралар қабылдау және мұз қозғалысы кезінде жеке құрамның күшейтілген режимге көшуін қамтамасыз ету тапсырылды. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері жергілікті азаматтық қорғау қызметтері күш-құралдарының үнемі дайындықта болуын қадағалауы тиіс. Өзен бойындағы қауіпті учаскелерге бақылауды күшейтіп, тәулік бойы кезекшілікті жалғастыру қажет. «Қазушар» мекемесі Сырдария өзенімен келетін артық суды

алу үшін барлық су таратушы каналдар мен «Қараөзек» су арнасын әзірлеуге жауапты. «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына түсетін судың бекітілген кестеге сәйкестігіне бақылау жасайтын болады. Мұнан бөлек, тиісті басқармаларға мол су келген жағдайда облыс аумағындағы көлдер жүйесіне су алуы ұйымдастыру, авариялық-құтқару қызметтері мен күш-құралдарының дайындығын үнемі әзірлікте ұстау және мұз жару жұмыстарын жүргізетін арнайы мердігер мекеменің дайын болуын қамтамасыз ету міндеттелді.

«Ел тілегі» ақпарат

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Абзал Рысбек брифинг берді. Қазіргі таңда Қызылорда қаласы бойынша тұрғын үйге мұқтаж адамдардың 6 дара тізімі бойынша 26 762 отбасы кезекке тіркелген. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою «Kеzekte.kz» ақпараттық жүйелер платформасындағы «Shanugaf» ақпараттық қызметінде жүзеге асырылады.

ТҰРҒЫН ҮЙГЕ МҰҚТАЖ 26 762 ОТБАСЫ КЕЗЕК КҮТІП ЖҮР

– Өткен жылы тұрғын үй кезек реттілігіне түгендеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 2 681 азамат тұрғын үй кезегінен шығарылды. Олардың бірақтары басқа қалаға мекенжайы ауысуына байланысты болса, бірақтар азаматтың меншігінде тұрғын үй болуына және азаматтың статусының жойылуына байланысты кезектен шығарылды, – деді бөлім басшысы Абзал Рысбек.

Арендальық тұрғынжайдан бөлек, кезекте тұрған азаматтарға «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында 2-5 пайызбен жеңілдетілген несие беру жұмыстары жалғасын тауып, өткен жылы СПМК-70 тұрғын ауданынан 500 төлемдік 10 үй ипотекалық тұрғын үй төлем қабілеті бар азаматтарға берілді. Қонкурсқа қатысуға өтініштер «Отбасы банк» АҚ арқылы қабылданды.

– Қазіргі таңда, тұрғын үй алу кезегіне апаратық үйлер санаты бойынша 635 отбасы тіркелген. Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпін аяқталған жағдайда деп танылған азаматтарға 2021 жылы Сол жағалау шағын ауданында салынған көптептері тұрғын үйлерден 93 отбасына, 2022 жылы 60 отбасыға, 2023

жылдың наурызында 40 отбасыға жаңа пәтер табысталды. Ал биыл мемлекеттік тұрғын үй қорынан 2007-2008 жылдары кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтары мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына арендалық пәтерлер беру жоспарланып отыр. Айта кету керек, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес, азаматтарға пәтерлер тек кезек реттілігіне сәйкес беріледі, – деді бөлім басшысы.

Бұдан бөлек, тұрғынжайды жалдау ақысы субсидиялау бағдарламасының шарттарына сәйкес келетін азаматтар otbasybank.kz платформасы арқылы өтінім бере алады. Жалдау төлемдері бойынша субсидия алуға төрт санат бойынша (I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтар, мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар, көп балалы отбасылар) кезекте тұрған азаматтар үміткер бола алады. Бағдарламаның ерекшелігі, жалдамалы баспананы азаматтар өздері таңдайды және 50%-ы мемлекеттік субсидиялармен қамтылатын болады, ал қалған 50%-ын алушы өзі төлейді.

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ ШАРАЛАРЫ ҰДАЙЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері апта сайын тосыннан келетін қауіп-қатердің алдын алу мақсатында профилактикалық тексеріс жүргізуде. Сондай-ақ, 19 ақпаннан бастап адам көп жиналатын ірі сауда орталықтары мен базарларда «Қауіпсіз сауда» акциясы ұйымдастырылуда.

Қазіргі таңда қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерге ұдайы рейд жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, төтеншеліктер полиция департаментімен бірлесіп облыс аумағындағы қонақ үй мен жатақханалардағы тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт оқиғаларын болдырмау мақсатында «Жатақхана» атты жедел-профилактикалық шаралар ұйымдастыруда. Бүгінде облыс бойынша барлығы 18 жатақхана мен 5 қонақ үй нақтыланды.

– Негізінен, орын алған оқиғалардың көбісі тұрғындардың өрт қауіпсіздігіне салғырт қарауынан орын алады. Яғни, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуі, балаларды қараусыз қалдыруы және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауы себеп болуда. Сондықтан, облыс тұрғындарына айтармыз, жасөспірім балаларды қараусыз қалдырмауға, ақауы бар электр жабдықтары мен қондырғыларды, газ пештері мен газ жабдықтарын мамандарды шақыртып отырып, жиі тексеруге шақырамыз, – деді облыстық ТЖД бастығының орынбасары Нұрсұлтан Ибрагимов.

– Су тасқынының алдын алу бойынша 24 қаңтар мен 2 ақпан аралығында Сырдария өзені аумағына рейд жұмыстары жүргізілді. Дегенмен, қазіргі таңда дария деңгейі көтерілген жоқ. Алайда, біздің департамент қызметкерлері күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Бүгінде 78 жеке құрам, 13 бірлік техника, 1 тікұшақ, 4 жүзу құралы дайын. Бұдан бөлек, департамент тарапынан су басу қаупі бар елді мекендердегі 31 820 тұрғынға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, арнайы ұнпақтар таратылды. Жалпы, департамент және оның аумақтық бөлімшелері қысық кезеңдегі болуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға дайын, – деді облыстық ТЖД Төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің бастығы Бейбітхан Оразайұлы.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН САУДА КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы бастамасымен «Анаға тағзым» орталығының ұйымдастыруымен «Брендке бір қадам...» атты креативті кәсіпкерлерге арналған сауда көрмесі ашылды. Аталған бастама өңірде алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

Жобаның басты мақсаты – креативті кәсіпкерлердің кластерін қалыптастырып, олардың өз қолдарынан шыққан өнімдерді коммерциализациялауға мүмкіндік жасау. Сауда көрмесінде ұлттық нақыштағы киім, этно стильдегі бұйымдар мен кәдесыйлар ұсынылды. Аталған шара барысында басқарма басшысының орынбасары Қ.Жанұзақов кәсіпкерлердің тауарын пайдаланушыға жеткізуге қолдау көрсетілетінін айтып, сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, Куzylorda Hub бизнес-инкубаторының өкілдері мен өңірімізге белгілі кәсіпкерлер қаржылық сауаттылық, бизнесті бастау және дамыту бағытында арнайы тренингтер мен шеберлік сағаттарын өткізуде. Айта кетейік, сауда көрмесі 19-23 ақпан, яғни апта бойы «Анаға тағзым» орталығында ұйымдастырылады.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе аудандық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА 338 МЫҢНАН АСТАМ БАЛАНЫҢ ЕСЕПШОТЫНА ҚАРЖЫ АУДАРЫЛДЫ

Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылған болатын.

Аталмыш бағдарламаға еліміз бойынша 6919 131 бала қатысушы ретінде тіркелсе, Қызылорда облысынан 338 320 баланың тізімі енгізілген. Олардың барлығына бірдей 100 АҚШ доллары 52 цент мөлшеріндегі қаржы аударылды.

Белгіленген қаржы жыл сайын Ұлттық қордың өсуі мен инвестициялық кіріс есебінен ұлғайып отырмақ. Бұл жөнінде «Бірыңғай жинақтау зейнетақы қоры» АҚ Қызылорда облыстық



филиалы директорының орынбасары Алмас Сәрсембаев хабарлады.

– «Ұлттық қор – балаларға» жобасының басты мақсаты – өскелең ұрпақты қаржылай

қолдау және оларға ұлттық жинақ есебінен тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім алуына мүмкіндік беру болып табылады. Өздеріңізге белгілі, 1 ақпанда 18 жасқа дейінгі балалардың арнайы

есепшотына Ұлттық қордан алғашқы қаржы аударылды. Бұл қаржы балалардың 18 жасқа толғанға дейін қосымша инвестициялық кіріс әкелетінін атап өткіміз келеді. Ал осы жылы 18 жасқа толғанып 304 815 баланың қаржысы БЖЗҚ-да ашылған нысаналы жинақтау шоттарына түсті. Олар өздерінің жинақтарын көмелет жасқа толғаннан кейін тұрғын үйге немесе білім алуға жарата алады. Қызылорда облысы бойынша 338 320 балаға Ұлттық қордан белгіленген қаржы аударылды, ал оның ішінде биыл 18 жасқа толғанып азаматтар саны – 14 182. Биыл туылған балалардың шотына автоматты түрде Ұлттық қордан қаржы аударылатын болады, – деді Алмас Әбдіқалиұлы.

ТҰТЫНУШЫЛАРДАН КЕЛГЕН 264 ӨТІНІШ ҚАНАҒАТАНДЫРЫЛДЫ

Тұтынушылардың құқығының қорғалуы – басты мәселелердің бірі. Осыған сәйкес, былтыр тұтынушылардан жалпы саны 368 өтініш келіп түскен. Салалар бойынша жүргізілген талдау барысында аталмыш өтініштердің басым бөлігі бөлшек сауда саласына қатысты екені анықталды.

Бұл жөнінде Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Жайбергенұлы мәлімдеді.

Аталған өтініштерді заңға сәйкес қарау қорытындысы бойынша 264 өтініш қанағаттандырылса, 26 өтініш түсіндіріліп, 75 өтініш басқа мемлекеттік органдарға жолданды. Осы жұмыстардың нәтижесінде, тұтынушыларға жалпы құны 8,1 млн теңге қаржы қайтарылып берілді. Бұдан бөлек, әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына арнайы мониторинг жұмыстары жүргізіліп, шекті бағасынан асырып сатқан деректер анықталды. Заңбұзушылыққа жол берген кәсіпкерлік субъектілеріне заң аясында тиісті шаралар қабылданды. Айта кетейік, ҚР «Сауда қызметін реттеу туралы» заңының 9-бабына сәйкес, кәсіпкерлер әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының өз бағасына 15 пайыздан аспайтын баға белгілеуі қажет. Сонымен қатар, бүгінде ҚР Сауда және интеграция министрлігі «Сапалы өнім» жобасының тұржырымдамасын әзірлеуде. Бұл жобаның басты мақсаты – ішкі нарыққа сапасыз өнімдердің санын азайту болып табылады, – деді Ерқасым Жайбергенұлы.

ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Жыл басынан бері Қызылорда облысы бойынша ҚР көші-қон заңнамасын бұзған 78 шетелдік азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде сот шешімі бойынша 6 шетелдік елден тысқары шығарылды.

Қос азаматтығы бар 1 тұлға анықталып, оған қатысты тиісті шара қабылданды. «Қызылорда қаласы көші-қон бөлімінің қызметкерлері тексеру барысында Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңнамасын бұзған құқық бұзушылығы анықтады. Ресей Федерациясының 40 жастағы азаматшасына қатысты ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде шетел азаматтығын алу фактісін хабарламау бойынша әкімшілік хаттама толтырылды. Сот шешімімен бұл азаматша 516 880 теңге көлеміндегі әкімшілік айыппұл түрінде жауапкершілікке тартылды», – делінген полиция департаментінің хабарламасында.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШӘКІРТАҚЫСЫ ТАҒЫ 50% -ҒА ӨСЕДІ

Оқу-ағарту министрлігі 2024 жылдың қыркүйегінде 300 мыңға жуық колледж студентінің шәкіртақысы 50%-ға өсетінін мәлімдеді.

«Колледж студенттері қазіргі 31 422 теңгенің орнына 41 896 теңге алады. Жұмысшы біліктілігі бар студенттер үшін шәкіртақы 32 681 теңгенен 43 574 теңгеге дейін көтеріледі», – деді Техникалық және кәсіптік білім бас сарапшысы Дархан Сатанов.

Сонымен қатар мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттерге тамақ пен жолақы сияқты әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Еліміздегі колледждерде барлығы 542 мың студент оқиды. Оның 344 мыңы тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтылған.

КӨЛІК ҚҰРАЛЫҢ БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Байқоныр қалалық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 613-бабы 9-бөлігі бойынша Е.-ге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес, Е. автокөлік басқару отырып, полиция қызметкерлерінің тәртібіне бағынбай, алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масан күйін қуаландырудан өту талабын орындамаған.

Құқық бұзушы Е. әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасымен келісетінін, жасаған әрекетіне шын ниетпен өкінетінін, жұмыс бабында қуаландырудан өткеннен кейін екінші рет қуаландырудан өтудің қажеті жоқ деп санап, ішкі істер органы қызметкерлерінің белгіленген тәртіпке сәйкес алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масан күйін қуаландырудан өту туралы заңды талабын орындамағанын көрсетіп, жеңіл жаза тағайындауды сұрады.

2021 жылғы 13 желтоқсандағы сот қаулысымен құқық бұзушы Е. ӘҚБтК-нің 608-бабы 1-бөлігімен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, яғни көлік құралын алкогольдік масан күйде басқарғаны үшін кінәлі деп танылып, 15 тәулікке әкімшілік қамалға алына отырып, 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылған. Аталған сот қаулысы заңды күшіне енген.

Сот құқық бұзушы Е.-нің әрекетін ӘҚБтК-нің 613-бабы 9-бөлігінен ӘҚБтК-нің 613-бабы 4-бөлігіне қайта саралап, ӘҚБтК-нің 613-бабының 4-бөлігі әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 15 тәулікке әкімшілік қамалға алу және 8 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындады.

ОБЛЫСТЫҚ СОТТА КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында өңірлік кадрлық резервтерге іріктеу бойынша сот мамандарымен кездесу өткізілді. Оған Департамент басшысының орынбасары М.Асанова, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары М.Бибітова қатысты.

Кездесуде өңірлік жастар кадр резерві еліміздің өркендеуіне елеулі үлес қосам деген жастарға мүмкіндік беретін бірегей жоба екендігі, мақсаты - жас басқарушылардың өңірлік пұлдарын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тарту екендігі айтылды.

Өңірлік резервке алынған адамдар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Кездесу соңында сот мамандары өңірлік кадр резервіне іріктеуге қатысты сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты.

Аудан жаңалықтары

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазалы ауданында өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында ауданның жаңадан тағайындалған әкімі таныстырылды. Алдымен аймақ басшысы ауданның бұрынғы әкімі Мұхтар Оразбаевтың еңбегін атап өтіп, алғыс білдірді.



«Мұхтар Әуесұлы Қазалыда 3 жылға жуық уақыт қызмет жасап, ауданның дамуына сүбелі үлес қосты. Өздеріңізге белгілі, халықтың өмір сүру сапасын арттыруда экономикалық өсім мен тұрақтылық маңызды. Сіздердің қолдауларыңызбен мұнда әлеуметтік-экономикалық дамудың оң динамикасы қалыптасты. Кейінгі жылдары құрылыс жұмыстары қарқын алып, тұрғындардың тұрмысын жақсартуға бағытталған нақты шаралар жүзеге асырылды. Өткен жылы 17 377 га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендігіне қарамастан, Қазалы жыл қорытындысымен өнімді өңдеу саласы бойынша «Озат аудан» атанды. Былтырғы жыл қорытындысымен негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 5,9 млрд. теңге, оның 50 пайызы жеке қаражат есебінен тартылған инвестицияны құрайды. Мұхтар Әуесұлының осы кезге дейін атқарған қызметіне алғысымды білдіремін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аудан дамуына қосқан үлесі үшін Мұхтар Оразбаевқа облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының «Құрмет грамотасы» табысталды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Қазалы аудандық мәслихатының келісімімен, облыс әкімінің өкімімен Қазалы ауданының әкімі лауазымына Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы тағайындалды.

«Мейрамбек Зинабдинұлы – баршаңызға жақсы таныс білікті маман, тәжірибелі басшы. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен етене таныс, мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өтіп, басқарушылық лауазымдарда мол тәжірибе жинаған әлеуеті жоғары кадр. Бұған дейін аудан әкімі және екі өңірде облыс әкімінің орынбасары болып, өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқарды. Мейрамбек Зинабдинұлы аудан әкімі ретінде Мемлекет басшысының тапсырмалары мен алға қойған міндеттерді орындауға, халық сенімі мен жауапкершілік жүгін көтеруге білім-білігі мен күш-жігерін арнайды, басталған игі бастамаларды одан әрі дамыту жолында аянбай еңбек етеді деп сенемін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев Арал қаласындағы бірқатар нысандарды аралады. Алдымен аудан басшысы «Балдырған», «Толқын» және «Жазира» балабақшаларының ескі ғимараттарын көрді. Бүгінгі таңда, апаттық жағдайда деп танылған балабақшалардағы бүлдіршіндер толығымен жалдамалы уақытша нысанға көшірілген.



Одан соң, «Шанхай» мөлтек ауданында орналасқан көне «Жүйке аурулар бөлімшесінің» ғимаратының ағымдағы жағдайымен танысты. Нысан газбен жылытылған. Алдағы уақытта көне ғимаратты қайта жаңғырту жоспарлануда. Ескі № 71 мектеп-интернатының жайымен танысқан аудан басшысы, ғимаратты қала әкімі аппаратының тенгеріміне беру жұмыстарын жеделдетуді тапсырды.

Бұдан әрі, Аманжол Сақыпұлы қалалық №3 кітапхана мен аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің, «Жалаңтөс Баһалұр» алысының және №19 Арал ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жұмысының барысын бағамдады. Мекемесі басшылары аудан әкіміне нысандардың бүгінгі тынысымен таныстырып, қажетті қолдаулар мен керекті көмектерді баяндады.

Аралау барысы «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС-ның балық өңдеу зауытында жалғасты. 2008 жылы құрылған бұл орталықта қазірде 48 адам жұмыспен қамтылған. Зауыт жылына 6883 тонна балық өңдеуге қуатталған. Шыққан өнім Ресей, Польша, Нидерланды, Германия, Грузия, Қытай экспортталып келеді. Орталық директоры Ә. Әйімбетов пен коммерциялық директор Н. Әйімбетов аудан әкіміне зауыттағы балық өндіру, оны сақтау, өңдеу, сату процесстерін көрсетіп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Сондай-ақ, аудан басшысы аудандық ветеринариялық станция мен №64 орта мектебінің ескі ғимаратында болып, қазіргі жай-күйімен танысып шықты. Аралау соңында аудан әкімі жауапты сала басшыларына көне ғимараттарды қалпына келтіру немесе жою, аукционға өткізу бағытында жасалынатын жұмыстарды зерттеп, тиісті шараларды қабылдауды міндеттеді. Мұнымен қоса, аталған ғимараттардың орнына болашақта тұрғындарға арналған демалыс саябақтарын, ипотекалық пәтерлер мен сауда үйлерін орналастыру мүмкіндігін зерделеуді жүктеді.

ЖОБА

КӨШЕНІ ҚАЙТА АТАУЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қоғалыкөл ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Қоғалыкөл ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоғалыкөл ауылындағы Водозаборная көшесі Қыш қалакөшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі Б.Рақимбеков

ПРОЕКТ

О ПЕРЕИМЕНОВАНИИ УЛИЦЫ

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», с учетом мнения населения и на основании заключения областной ономастической комиссии от 21 декабря 2023 года, аким сельского округа Когалыколь РЕШИЛ:

1. Переименовать улицу Водозаборная в сельском округе Когалыкольна улицу Кыш қала.
2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня первого официального опубликования.

Аким сельского округа Б.Рақимбеков

ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Орман өрті – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шок, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылықта, ерте көктемде және күзде болады. Ормандағы өрт табиғат апаты десекте, оның себебі мен салдары көп жағдайда қауіпсіздікті сақтамағандықтан болатыны сөзсіз. Орман және дала өрттері тек орманға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен залал келтіреді.

Орман-тоғайларда өрттің шығу себебтерін сараптағанда ол көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатындығы анық. Сондықтан, орман-тоғайларда өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек орман шаруашылығы мекемесі ғана емес, олармен ауылдық округ әкімдіктері де жүргізуі тиіс. Көктемгі дала жұмыстары кезінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін шаруашылық басшылары аңыздарды құрғаған қалдық шөптерді өртеу кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап, бақылаусыз қалдырмауы тиіс. Бақылаусыз қалған өрттер желдің әсерімен жақын орналасқан орман қоры жерлеріне өтіп кетіп, орны толмас шығын әкелетіні сөзсіз. Осындай өрттердің салдарынан орман-тоғайлардағы жабайы жануарлармен құстар да зардап шегеді. Орман өрттерін сөндіру оңай шаруа емес.

Қорыта келгенде орман-тоғайларда өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтайық. Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда ҚР ӨҚБТК-нің 367 бабына сәйкес жеке тұлғаларға 36920 теңге, лауазымды тұлғалармен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 110760 теңге көлемінде айыппұлдар салынатындығын ескертеді.

«Жалаған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» ҚММ

БАЛА ТӘРБИЕСІ БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс көлемінде 16-18 ақпан «Жасөспірім» профилактикалық іс-шарасы барысында алкогольдік ішімдік ішетін, заңды өкілдердің ілесіп жүруінсіз түнгі уақытта үй-жайлардан тыс болатын, тыныштықты бұзатын, ұсақ бұзақылық жасайтын көмелетке толмағандарды, сондай-ақ оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын адамдарды анықтау бойынша және жастардың шоғырлану орындарын (аулалар, жергөлдер және т.б.) тексеру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның үш күнінде ішкі істер органдарына 256 құқық бұзушы жеткізілді. Түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық кешендерінде және тұрғын жайдан тыс жерде жүргендері үшін 210 жасөспірім анықталып, олардың заңды өкілдеріне әкімшілік хаттамалар толтырылды, ал қалағалысыз жүрген сегіз бала Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жеткізілді.

Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамаған (ҚР ӨҚБТК-нің 127 бабы) 28 дерек, ҚР ӨҚБТК-нің 434 бабы – 21 дерек анықталып, хаттама рәсімделіп тиісті шешім қабылдау үшін сотқа жолданды. Кәмелетке толмағандардың және олардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Қармақшы аудандық сотында Қазақстан Республикасы ӨҚБТК-нің 440-бабы 3-бөлігі бойынша азамат Б.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Сотта анықталғандай, азамат Б. бұрын көшеде алкогольдік ішімдігін ішіп, адамның қауіп-қасиетіне және қоғамдық имандылықты қорлайтын масаң күйде болып, әкімшілік жазаға бір жыл ішінде тартылған адам бола тұра, 2024 жылғы 14 ақпан күні алкоголь ішімдігін ішіп, масаң күйде жүріп, құқық бұзушылық әрекетін жасаған.

Сот отырысында азамат Б. кінәсін толық мойындап, шын жүректен өкініп, өзіне жеңіл жаза тағайындауды сұрады. Қармақшы аудандық сотының қаулысымен құқық бұзушы Б. Қазақстан Республикасы ӨҚБТК-нің 440-бабының 3-бөлігі бойынша құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 3 тәулікке әкімшілік қамаққа алынды.

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қызылорда қаласының №2 сотында Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 287-бабы 3-бөлігі бойынша сотталушы А.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, сотталушы А. алкогольдік мас күйде көшені бойында келе жатып, жол жиегінде жатқан полиэтилен пакетінің аузын ашып қараған кезде, пакет ішінде 12-калибрлі шотлақ мылтықтың көріп өзімен бірге алып, көше қиылысында полиция қызметкерлері тоқтатып, қала аумағында «Қару» профилактикалық іс-шара жүріп жатқанын ескертіп, сол жерге жедел тергеу тобын шақырып, қолындағы полиэтилен пакетінің ішіндегі атыс қаруын алған, нәтижесінде сотталушы А. атыс қаруын заңсыз иемденіп, алып жүрген. Сот үкімімен сотталушы А. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚК-нің 60-бабының 1, 4-бөліктеріне сәйкес, Қызылорда қаласының №2 сотының 18.07.2022 жылғы үкімімен тағайындалған бас бостандығынан шектеу жазасының өтелмеген бөлігін ішінара қосып, түпкілікті 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.



ТҮТІНМЕН КҮРЕСТІ ҚОЛҒА АЛМАҚШЫ

Ұйымның құрылғанына 1 апта болды. Бұл эзгіре пилоттық жоба. 2 жылға дейін сынақтан өткізіледі.

Инспекторлар көшеде көлікпен тексеріс жүргізіп жүреді. Олар 1 күннің ішінде ондаған құқық бұзушылықты анықтап, 5 мың доллардан асағандай сомаға айыппұл салып үлгірген.

ОРТА ЖАСТАН АСҚАНДА...

Өзбекстанда өткен жылы 60 және одан жоғары жаста балалық болған ер адамдардың саны өскен.

Бұл туралы елдің статистика агенттігі хабарлады. Алдын ала мәлімет бойынша, Өзбекстанда бір жыл ішінде 60 және одан жоғары жастағы 819 ер адам балалы болған. Сондай-ақ 50 және одан жоғары жаста некеге тұрғандар саны – 6 651. Айта кетейік, Өзбекстанда 2023 жылы 962 мың нәресте дүниеге келген.

АЛҒАШ РЕТ АЙҒА ЖЕКЕ ҒАРЫШ КЕМЕСІ ҰШЫРЫЛДЫ

АҚШ-тың Intuitive Machines аэроғарыштық компаниясы жасаған Айға қону аппараты 15 ақпанда NASA-ның Канаверал мүйісіндегі Кеннеди Ғарыш орталығынан көтерілді.

Бұл туралы «Америка дауысы» жазды. Бұл жарты ғасырдан астам уақыттан бері Айға қонған алғашқы американдық ғарыш кемесі және жеке компанияға тиесілі тарихтағы тұңғыш ғарыш кемесі болады деп күтілуде. Odyssey деп аталатын Nova-C қондырғышы жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 1-де (Астана уақыты бойынша 12-де) Илон Масктың SpaceX компаниясы жасаған Falcon 9 зымзыранының бортында ғарышқа ұшып кетті. Биіктігі 25 қабатты ғимараттың биіктігіндей екі сатылы зымзыраның ұшыру алаңынан көтеріліп, Флориданың Атлант мұхиты жағалауында қаранғы аспанға ұшып бара жатқанын NASA мен SpaceX тікелей эфирден көрсетті. Бастапқыда ұшыру 14 ақпанға жоспарланған болатын, бірақ құрылғының қозғалтқыш жүйесінде қолданылатын сұйық металдың қалыпты температурасына байланысты ол 24 сағатқа кешіктірді.

SpaceX бұл мәселе кейінірек шешілгенін хабарлады.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЖЫЛДАМ МАРАФОНШЫ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Әлемдік марафон рекордының иегері Келвин Киптум 24 жасында көз жұмды. Кениялық желаяқ 11 ақпан күні түнде көлік тізгініне ие бола алмай қалған.

Жол-көлік оқиғасы өз еліне болған. Марафоншы айдап келе жатқан «Toyota Premio» көлігі жол бойындағы ағашқа соғылған. Полиция ақпараты бойынша Келвин Киптум көлікті басқара алмай қалған. Оқиға орнында спортшы мен жаттықтырушысы Жерве Хакизман көз жұмды. Ал олармен бірге болған Шэрон Кости есімді әйел ауыр жаракатпен ауруханаға жеткізілген.

Келвин Киптум Кениядан шыққан талантты спортшылардың бірі болды. Желаяқ 2023 жылы отандасы Элиуд Кипчогең марафондағы рекордын жаңартты. 42 шақырым, 195 метрді 2 сағат 35 секундта жүгіріп өтті. Рекордын Чикаго марафонында тіркеді. Ал быыл 14 сәуір күні Роттердамда өтетін марафонда ол 2 сағат ішінде жүгіріп жетуге дайындалып жүрген.

Роттердам. 14 сәуір. Мен сонда ең жоғары жылдамдықта жүгіретін боламын. Жолы керемет, ал қолдаушылары одан асады. Осы марафонды тарихта қалдырғым келеді. Егер дайындық ойдағыдай болып, күн райы көмектесетін болса, онда мен жаңа рекорд жасаймын, – деген соңғы сұхбаттарының бірінде. Спортшының жүгіруді бастауының өзі бір тарих. Марафоншылар дайындығын стадионнан бастаса, Келвин Киптум жүгіруді тас жолдан бастаған. Оның жарыстарға барып, стадиондарда жаттығуға ақшасы болмаған. Тіпті 2018 жылы марафонда біреудің крассовкасын сұрап алып жүгірген. Кейіннен жаттықтырушысы Жерве Хакизман көмегімен әлемдік марафонның жұлдызына айналды.

Келвин Киптумның артында әйелі мен екі баласы қалды. Биыл желтоқсан айында 24 жасқа толар еді. Ал жуырда гүна World Athletics оның рекордын ресми түрде әлемдік үздік көрсеткіш деп таныған болатын.



19.02-25.02.2024

Токты
(21 наурыз-20 сәуір)

Бұл апта сізді күш пен ынтамен толтырады, бұл сіздің армандарыңызды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұқият сөйлесіңіз: сіздің сөздеріңіз жақын адамдарға күтпеген әсер етуі мүмкін, сондықтан оларды мұқият таңдаңыз. Жұлдыздар жаңа таныстар мен романтикалық қарым-қатынастарды дамытуға қолайлы.

**Торпақ**
(21 сәуір-20 мамыр)

Эмоцияңызды бұрмалауға жол бермеңіз, тепеңдік пен үйлесімділікті ізеніз. Қаржы саласында жағымды тосын сыйлар болуы мүмкін. Достарыңыз бен отбасыңызға уақыт бөліңіз; шынайы әңгімелер қарым-қатынастарыңызды нығайтады. Фитнеспен шұғылданыу үшін дұрыс диетаны ұстаныңыз.

**Егіздер**
(21 мамыр-21 маусым)

Бұл апта серпілді және оқиғаларға толы болады, жаңа әсерлерге дайын болыңыз. Жаңа адамдармен кездесу қызықты мүмкіндіктер әкеледі. Жеке өміріңіз күрт өзгеруі мүмкін, тосын сыйларға дайын болыңыз. Жоспарланбаған шығындар болуы мүмкін, сондықтан төтенше жағдайлар үшін үнемдеуді сақтаңыз.

**Шаян**
(22 маусым-22 шілде)


Бұл апта эмоционалды тұрғыдан қиын және психологиялық күйзеліске ұшырауыңыз мүмкін, бірақ сіз бұрыннан жанжалдасып жүрген адаммен татуласу мүмкіндігі бар. Өзінгізге қамқорлық жасаңыз. Сөзіңізге мұқият болып, денсаулық жағы сыр берсе елемуге болмайды. Психологтың көмегіне жүгіну маңызды.

**Арыстан**
(23 шілде-22 тамыз)

Сізді шығармашылық серпін мен өзін-өзі таныту уақыты күтіп тұр. Жаңа танысулар қаржылық табыс пен әл-ауқаттың жақсаруына әкеледі, өз идеяларыңызды жүзеге асыру мүмкіндігін ажыратып алмаңыз – бұл үшін жақын арада сыйақы аласыз. Отбасына көңіл бөліп, жылы қабат танытуды да ұмытпағайсыз.

**Бикеш**
(23 тамыз-22 қыркүйек)

Бұл апта өміріңіз барлық салаларында тепеңдікті табу үшін қолайлы болады. Қақтығыстар мен даулардан аулақ болыңыз, бейтарап болуға тырысыңыз. Өзінгізді жақсырақ түсіну үшін өзіңізге рефлексияға уақыт бөліңіз. Сіздің бюджетіңізге қауіп төндірмейтін шағын шығындар болады.

**Таразы**
(23 қыркүйек-22 қазан)


Жағымсыз эмоциялардың сізді жаулап алуына жол бермеңіз, кез келген жағдайдан шығуды ізденіз. Бұл апта шешуші әрекетке және мақсаттарыңызды жүзеге асыруға қолайлы болады. Тәуекел етуден қорықпаңыз: сіздің күш-қуатыңыз бен ынтаның кез келген кедергілерді жеңуге көмектеседі.

**Сарышаян**
(23 қазан-21 қараша)

Жеке өміріңізде өзгерістер болуы мүмкін, жаңа нәрсеге дайын болыңыз. Еңбегіңіз қайтарылады, пайда күтіңіз. Денсаулыққа мән беріп, жаттығуға уақыт бөліңіз. Тәуекел етуден және жаңа нәрселерді сынаудан қорықпаңыз, бұл сізді сәттілікке жетелейді. Өрдайым күлімдеп жүріңіз.

**Мерген**
(22 қараша-21 желтоқсан)

Бұл апта жағымды тосынсыйларға және сәттілікке бай болады. Романтикалық қарым-қатынасқа айналуы мүмкін жаңа танысулар орын алады. Қаржы секторында күтілген өзгерістеріз тұрақтылық күтіледі. Тіпті қиын жағдайларда да оптимизм мен өзіңізге деген сенімдіңізді жоғалтпаңыз.

**Тауешкі**
(22 желтоқсан-19 қаңтар)

Басымдықтарыңызды анықтаңыз және маңызды емес мәселелерге аландаманыз. Бұл апта маңызды мәселелерді шешуге және жауапты шешімдер қабылдауға қолайлы болады. Өзінгізді тәрбиелеуге және дағдыларыңызды дамытуға уақыт бөліңіз. Қиындықтарды мойымай жөніп шығуға күшіңіз жетеді.

**Сүкүйғыш**
(20 қаңтар-18 ақпан)

Бұл апта күтпеген оқиғалар мен тосын сыйларға бай болады. Өзгерістен қорықпаңыз, ол сізді жақсы өмірге жетелейді. Достарыңызбен және отбасыңызбен сөйлесуге уақыт бөліңіз, ол сізге позитивті қуат береді. Хоббиіңізге назар аударыңыз, бұл сізге демалуға және жақсаруға көмектеседі.

**Балықтар**
(19 ақпан-20 наурыз)

Сіздің сезімдеріңіз бен тілектеріңізге назар аударыңыз, олар дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Армандауға және мақсаттарыңызды елестетуге уақыт бөліңіз. Бұл апта интуицияңызға сену үшін қолайлы болады. Бастысы алға жылжуды, қызметте шынайы болуды ойлаңыз.

**МӘМС****МӘМС БОЙЫНША СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕККЕ 34 МЛРД. ТЕҢГЕ БАҒЫТТАУ ЖОСПАРЛАНУДА**

Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттары үшін шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмекті қаржыландыру 6%-ға – 2023 жылғы 32,1 млрд-тан 2024 жылы 34 млрд-қа артты. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры сіздер үшін ең өзекті сұрақтарды жинақтап, оларға жауап береді.

–МӘМС қаражаттары есебінен кім көмек ала алады?

–Стоматологиялық көмек жоспарлы және шұғыл тәртіпте 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдерге көрсетіледі. Шұғыл тәртіпте азаматтардың жекелеген санаттарына: ҮОС ардагерлеріне; 1, 2, 3 топтағы мүгедектігі бар адамдар; жасы бойынша зейнеткерлер, инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастар, мүгедектігі бар балаға күтім жасайтын және бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар балаға күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар.

–Жоспарлы стоматологиялық көмекке не кіреді?

–Жоспарлы стоматологиялық көмек – бұл ауыз қуысының, тіс пен қызыл іектің саулығын сақтау үшін операциялық емдеу болып табылады. Атап айтсақ, тұрақты тексерулер, профилактикалық процедуралар, тісегінің емдеу, тіс өңезін және тіс тасын алу, химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломбаны дайындау және салу.

–Шұғыл стоматологиялық көмекке не кіреді?

–Шұғыл стоматологиялық көмек амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық көмек түрінде де, стационарлық жағдайда да көрсетулі мүмкін. Бұған күрделі тіскегінің, пульпитті, периодонтитті, альвеолитті, невралгияны, невритті, стоматитті ауыр түрлерін емдеу, күрделі тісті жолу, абсцессті ашу, одонтогендік жылаулықты алып тастау, жоғарғы-төменгі жақ буынының қисаюын түзету, тістердің бөлінуін уақытша бекіту, қатерсіз өсінділер мен

эпулисті (жергілікті тітіркендіргіш факторлардың әсерінен пайда болатын ісік тәрізді өсінді) алып тастау.

Еріннің, тілдің жүгеншігі пластикасының операциясы да МӘМС қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Егер тексеру нәтижелері бойынша тіс дәрігері амбулаториялық жағдайда көмек көрсету мүмкін емес деген объективті шешім қабылдаса, ол науқасқа бас тартуға және оны жедел жәрдем арқылы ауруханаға жіберуге құқылы. Жедел госпитализацияның көрсеткіштері созылмалы одонтогенді және неондонтогенді қабыну ауруларының жедел немесе асқынуды немесе жақ-бет аймағының жаракаты, қан кету және шұғыл емдеуді қажет ететін шұғыл жағдайлар болып табылады.

–Ортодонтиялық көмекті МӘМС жаба ала ма?

–Иә. Ортодонтиялық көмек жақ-бет аумағының туа біткен патологиясы бар балаларға, ҚР «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес, тіс-жақ аномалияларының әртүрлі түрлері бар аз қамтылған отбасылардан шыққан 6 жаспан 12 жасқа дейінгі балаларға көрсетіледі. Атап айтқанда, жақ-бет аймағының туа біткен патологиясы бар балаларға, сондай-ақ ортодонтиялық алмалы-салмалы аппараты (ортодонтиялық пластина) пайдалана отырып, тіс-жақ ауытқуларын жою үшін аппараты пайдалана отырып, сондай-ақ тіс-жақ ауытқуларының әртүрлі түрлері бар балаларға көрсетіледі.

–Қандай стоматологиялық клиникаларда МӘМС әрекет етеді және емхананың ұчаскелік дәрігерінен жоллама қажет пе?

–Жоқ, емханадан жоллама талап етілмейді. Стоматологиялық көмекті емханалар жанындағы стоматологиялық кабинеттен де,



әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан жеке стоматологиялық клиникалардан да алуға болады. Өзекті тізбегі Қордың fms.kz ресми сайтындағы «Медициналық қызметтерді сағып алу – ҚДЖ жеткізушілер» бөлімінен таба аласыздар. Сонымен қатар 1414 нөмірі бойынша Бірыңғай байланыс орталығына жүгінуге болады. Айта кетейік, 1 ақпандағы жағдай бойынша МӘМС шеңберінде стоматологиялық көмек көрсететін ҚР 838 медициналық ұйыммен шарттар жасалды. Оның ішінде 519-ы – жекеметтік, 319-ы – мемлекеттік меншік нысаны, яғни емханалар мен ауруханалар.

–Егер рентгенография оту қажет болса, тістерді емдеуден бұрын дәрілік аллергияны немесе анестезияны болдырмау үшін аллергиялық сынама жасау керек болса, ол үшін МӘМС-тен төлене ме?

–Иә, егер бұл үшін медициналық көрсеткіш болса төленеді. Тіс

дәрігерінен консультативтік парақ болған жағдайда тіркелген жері бойынша ұчаскелік дәрігер қосымша тексерулерге жолдама бере алады. МӘМС шеңберінде аппликациялық өткізгіштік, инфльтрациялық анестезия төленеді. Тіскегінің көптеген асқынудары бар 4 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің функционалды және органикалық зақымданулары, психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (белгіленген мүгедектік) және басқа органдар мен жүйелердің зақымдануы, асқынудар мен ауырсыну қаупі бар медициналық көрсеткіштер бойынша санация жалпы ауырсындыру басу және седациямен «анестезиология және реаниматология» кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензияға қосымшасы және реанимациялық іс-шараларға арналған жағдайлар қарастырылған стоматологиялық ұйымдарда жасалатынын білу маңызды.

ЕРЛЕРГЕ ҚАРАҒАНДА ӘЙЕЛДЕР КӨБІРЕК КІТАП ОҚИДЫ

Тек әрбір 4-ші қазақстандық (26,5%) соңғы бір жылда кемінде 1 кітап оқығанын айтты. Қалғандары оқымайды, өйткені оқуға уақыттары жоқ (52%) немесе мүлде оқуды ұнатпайды (21,4%).

Бұл статистикамен Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов өзінің telegram әлеуметтік желісінде бөлісті. Деректерді Қоғамдық саясат институты ұсынған. Зерттеу 2023 жылдың қараша айының соңы – желтоқсан айының ортасында жүргізіліпті. Сауалнамаға 18 жаспан асқан 8 000 қазақстандық қатысқан. Сауалнама ұлттық репрезентативті іріктеу арқылы жүргізілген.

Орташа алғанда, респонденттердің кітап оқуы соңғы бір жылда 5 кітап (26,5%) оқиды. Ең көп кітап оқытын өмірлер қатарына Шығыс Қазақстан (орта есеппен 10,6 кітап), Солтүстік Қазақстан (6,95) және Ақмола (6,34) облыстары кірген. Ал ең аз кітап оқытын жұртшылық Шымкент қаласында (3,8 кітап), Ұлытау (3,7 кітап) және Жетісу (3,59) облыстарында тұрады екен.

Бір қызығы ерлерге қарағанда әйелдер көбірек кітап оқиды екен. Ауыл тұрғындарынан гөрі қала тұрғындары кітапқа жақын екендігі дәлелденген. Аға буын өкілдері (61 жас және одан жоғары) жылына орта есеппен 6,2 кітап оқиды.

Бізге қарағанда шетелдіктер кітап беттерін көбірек парактайтыны



байқалған. Мәселен, Франция мен Канада тұрғындары жылына 17 кітап (бұл Қазақстаннан орта есеппен 3,4 есе көп), АҚШ азаматтары – 12 кітап (2,4 есе көп), Оңтүстік Корея елінің адамдары – 11 кітап (2,2 есе көп) оқиды.

Ескерерлік бір жайт, орталықтың мәліметінше, кітап өндірісінің 90 пайызы басқа елдерде басылған. 2021 жылдың деректері бойынша Ресейден кітап импортының көлемі 14,7 миллион долларды құраған.

Зерттеушілердің пікірінше, оқу белсенділігінің төмен болуының тағы бір себебі – кітаптар мен кітапшалардың жалпы және орташа таралымының төмендеуі. Шыққан кітаптардың 80 пайыздан астамы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар. Сонымен қатар, сауда нүктелеріндегі кітап өнімдері қуаның қымбаттығы әсер етеді. Қазіргі кезде үстеме баға әртүрлі бағалаулар бойынша 60%-дан 100%-ға дейін жетеді.

СПОРТ**ХІ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫНДА 12 МЕДАЛЬ**

Иран Ислам Республикасының астанасы Тегеранда өткен жеңіл атлетикадан жабық кешендегі ХІ Азия чемпионатында Қазақстан Ұлттық құрамасы 12 медаль жеңіп алды.

ҚР Туризм және спорт министрлігі мәлім еткендей, биылғы бәсекеде Қазақстан спортшылары 4 алтын, 2 күміс пен 6 қола жүлдеге қол жеткізді. Шешуші жарыс күні эстафетада (4*400 м) еліміздің ерлер (Андрей Соколов, Эльнор Мухитдинов, Ефим Тарасов, Вячеслав Земс) және әйелдер құрамасы (Аделина Земс, Анна Шумило, Мария Шувалова, Кристина Кондрашова) топ жарды. Оның алдында Елизавета Матвеева (биіктікке секіру) мен Давид Ефремов (60 м кедергілер арқылы жүгіру) чемпион атанды.

Күміс жүлделерді Иван Иванов (ядро лақтыру) мен Ольга Сафронова (60 м жүгіру) жеңіп алды. Ал қола жүлдегерлерді Аяна Болатбекқызы (1500 м жүгіру), Мария Ефремова (3 қарғып секіру), Ақбай Мұрмәмет (800 м жүгіру), Алина Чистякова (көксайыс) Әфим Тарасов (400 метр жүгіру), Максим Фроловский (3000 метрге жүгіру) иеленді. Максим Фроловский 3 мың метрге жүгіруде мәреге 5-болып келген. Алайда алдыңғы 2 адам ереже бұзғандықтан қола медаль қазақстандық атлетке берілді. Сондай-ақ Максим 23 жасқа дейінгі санатта Қазақстан рекордын тіркеді (8:17.17). Тегеранда барлығы 29 қазақстандық атлет ел намысын қорғады.

Быттыр жабық кешендегі Азия чемпионаты Астана қаласындағы Қазақстан жеңіл атлетика кешенінде өткен. Ол кезде Ұлттық құрама 6 алтын, 3 күміс, 3 қола медальмен жалпы есепте 2-орын алған.

КЕЛЕСІ ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ ХАРБИНДЕ ӨТЕДІ

Азия Олимпиада кенесі ІХ қысқы Азия ойындары өтетін қаланы атады. Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, сары құрлықтың келесі ақ Олимпия ойындары 2025 жылы Қытайдың Харбин қаласында 7 ақпан мен 14 наурыз аралығында өтеді.

Азия Олимпиада кенесі кешенді жарысты үйлестіруші комитет өкілдерімен кездесіп, бойтұмар, эмблема және ұранды бекітті ұлгерлі. ІХ бәсекеңің ұраны: «Қысқы армандар, Азия орталығындағы махаббат» (Dreams of Winter, Love among Asia). Айта кетейік, Харбинде осыған дейін 1996 жылы қысқы Азия ойындары өткен. Сол кездегі мұз сарайының бірнеше аяны келесі жылы да қолданылмақ.

Реті бойынша ІІІ ойындар Қазақстан делегациясы үшін табысты болды. Ұлттық құрама сол жылы 14 алтын, 9 күміс, 8 қола (барлығы 31) жүлдемен жалпы есепте жарыс қожайынынан кейінгі 2-астыға жайғасқан.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**Ақылдастар алқасы:**
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**Бас редактор**
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫЖауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ366/ҰУ00030577 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Азпощта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді**Таралымы 9820 дана**
Индекс 66503
Тапсырыс №41**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru**
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/